

ISSN 1563-0366
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Заң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Law series


№3 (75)

Алматы
«Қазақ университеті»
2015



ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ № 3 (75)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Ережепқызы Р., жауапты хатшы

(Қазақстан)

Телефон: +7727-377-33-36;

8-727-377-33-37 (ішкі н. 12-57)

E-mail: rose@mail.ru

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байдельдинов Д.Л., з.ғ.д., профессор

(бас редактор) (Қазақстан)

Кенжалиев З.Ж., з.ғ.д., профессор

(бас ред. орынбасары) (Қазақстан)

Сартаев С.С., з.ғ.д., академик (Қазақстан)

Тыныбеков С.Т., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ибраева А.С., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Джансараева Р.Р., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Усенинова Г.Р., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Еркинбаева Л.К., з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Жатқанбаева А.Е., з.ғ.д. (Қазақстан)

Трунк А., профессор (Германия)

Монтекило С., профессор (БАӘ)

Бурхард Б., профессор (Германия)

Лисица В., профессор (Ресей)



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гүлмира Шаққозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гүлмира Бекбердиева, Еркін Жайнақов

Компьютерде беттеген:

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №8886

Басуға 15.08.2015 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 35 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №3514. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

Маликова Ш.Б., Ергали А.М.

**Ақпараттандыру және
байланыс саласындағы
қылмыстық құқық
бұзушылықтарға қарсы тұру
аясындағы мемлекеттің
қылмыстық-құқықтық саясаты
туралы**

Malikova Sh., A.Yergali

**About the criminal policy of the
state in the field of combating
criminal offenses in the field of
information and communication**

Маликова Ш.Б., Ергали А.М.

**Об уголовно-правовой
политике государства
в области противодействия
уголовным правонарушениям
в сфере информатизации
и связи**

Мақалада ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы тұру аясындағы мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатының мәселелері қарастырылған. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігі зерттелінген. Қылмыстылықтың сапалық өзгеруіне әсер ететін факторлар талданыла отырып, компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы тұрудың кешенді шаралары зерделенген.

Түйін сөздер: ақпарат, ақпараттық қауіпсіздік, іс-әрекет, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық саясат.

In the article were examined deals with the problems of penal policy in combating criminal offenses in the field of information and communication. Also were investigated the social danger from criminal offenses in the field of information and communication. Analyzing the factors which affect to qualitative changes of crime, studied comprehensive measures to counter criminal offenses deal with computers.

Key words: information, information security, act, criminal liability, criminal policy.

В статье рассмотрены проблемы уголовно-правовой политики в области противодействия уголовным правонарушениям в сфере информатизации и связи. Исследована общественная опасность уголовных правонарушений в сфере информатизации и связи. Анализируя факторы, влияющие на качественное изменение преступности, изучены комплексные меры противодействия компьютерным уголовным правонарушениям.

Ключевые слова: информация, информационная безопасность, деяние, уголовная ответственность, уголовная политика.

**АҚПАРАТТАНДЫРУ
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
САЛАСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА
ҚАРСЫ ТҰРУ
АЯСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЛ-
МЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
САЯСАТЫ ТУРАЛЫ**

Ақпарат қазіргі қоғам өмірінің алғашқы негізі, қоғам қызметінің нәтижесі мен өнімі болып табылады. Ақпаратты құру, жинақтау, сақтау, беру және өңдеу оны өндіру құралдары: электронды есептеу техникасы, телекоммуникация құралдары мен байланыс жүйесі аясындағы үдерісті ынталандырады. Осы аталғандардың барлығы адам қызметінің әртүрлі салаларындағы ақпараттық үдерістерді жүзеге асырудың әдістері мен құралдарының жиынтығы болып табылатын, жаңа ақпараттық технологиялардың анықтамасының ауқымды ұғымына кіреді. Яғни, ақпарат қоғамдық қатынастардың өніміне айнала отырып, тауар қасиетіне ие болып, сатып алу сатудың заты ретінде қарастырылады. Жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы, ескі қатынастардың өзгеруі қоғамда орын алып отырған ақпараттық үдерістердің салдары болып табылады. Қазіргі кездің өзінде-ақ ақпаратты әртүрлі нысанда: ғылыми-техникалық құжаттарда, электронды есептеу технологиялары, мәліметтер базасын, мәліметтер базасын басқару жүйесін бағдарламалық қамтамасыз ету, дайындау, беру, жинақтау және пайдаланумен байланысты шартты қатынастардың елеулі мөлшерде артуын байқауға болады.

Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы №217 Заңына сәйкес:

- 1) ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс;
- 2) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолдана отырып, ақпаратты сақтауға, өңдеуге, іздестіруге, таратуға, беруге және ұсынуға арналған жүйе;
- 3) ақпараттық-коммуникациялық желі – ақпараттық жүйелер арасындағы немесе олардың құрамдастары арасындағы өзара іс-қимылды, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-техникалық құралдардың жиынтығы;
- 4) ақпараттық процестер – ақпаратты құру, жинау, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздеу, тарату және тұтыну процестері;

5) ақпараттық технологиялар – әдістердің, өндірістік процестердің және ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, жинақтауды, өңдеуді, іздестіруді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

б) компьютерлік оқиға – ақпараттық жүйелердің, ақпараттық ресурстардың, ақпараттық-коммуникациялық желілердің тиісінше жұмыс істеуіне қауіп төндіретін және (немесе) олардың айналасындағы ақпаратты заңсыз алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, түрлендіру, жою немесе бұғаттау үшін жағдай жасайтын, олардың жұмысында жекелеген немесе сериялы түрде туындайтын олқылықтар. Аталған заңның 3 бабының 1 тармағына сәйкес, электрондық ақпараттық ресурстар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жұмыстар мен электрондық қызметтер көрсету ақпараттандыру объектілері болып табылады [1].

Жаңа ақпараттық технологиялар қоғамның ілгерілеуіне серпіліс бере отырып, бұрын беймәлім болып келген жағымсыз үдерістердің туындауына және дамуына қозғаушы күш болды. Осы үдерістердің бірі ретінде қылмыстылықтың жаңа нысанының пайда болуы танылады. Мысалы, электроника жүйесіндегі төңкеріс қылмыскерлерге, олардың қауымдастығына миллиондаған ақша қаражаттарын заңсыз иемдену, қылмыстық жолмен табылған ірі мөлшердегі табысты заңдастыру, салық салудан жалтару және әртүрлі қылмыс түрлерін дайындау, жасау және оны жасыруға бағытталған кешенді шаралар жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа техникалық құралдарға жол ашып берді.

Ғылыми-техникалық революция кезеңіндегі қоғам дамуының тарихи жағымсыз факторларынан бөлек, Қазақстандағы қылмыстылықтың жаңа нысандарының дамуына септігін тигізетін тағы басқа да факторлары бар.

Біздің ойымызша, олардың қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- қоғамды және мемлекетті басқару қызметін мемлекеттік аппараттың ішінара жоғалтуы;
- заңи базаның тұрақты болмауы және қайшылығы;
- мемлекеттік институттардың халыққа керекті өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы;
- ел экономикасының, соның ішінде несиелік-қаржылық, валюта-ақша және тауар-шикізаттық салалардағы тепе-теңдіктің бұзылуы;
- мемлекеттік және қаржы-коммерциялық құрылымдардың лауазымды тұлғаларының та-

рапынан материалдық құндылықтарды сақтауға деген қызығушылықтың болмауы.

Кедейлікке тап болған азаматтар санының күнделікті өсуі, бұрынғы КСРО елдерінен мемлекет халқының көшіп-қону үдерісі, күннен күнге өсіп бара жатқан жұмыссыздық деңгейі және мекемелер мен бірлестіктердің тоқтап қалуы салдарынан жалпы жұмыс аптасы ұзақтығының қысқартылуы мен мәжбүрлі демалыстың болуынан жұмысқа қабілетті тұлғалардың жартылай ғана жұмыспен қамтылуы, адамгершіліктің төмендеуі және билік-басқарушылық және коммерциялық құрылымдар өкілдерінің екі жақты моралі, экономикадағы инфляциялық үдерістер қылмыстылықтың барлық эшалондарының толықтырылуына, оның жаңа нысандары мен түрлерінің пайда болуына себеп болды.

Осы жағымсыз факторлардың ішінен жұмыссыздықтың өсіп бара жатуы және жұмысқа қабілетті тұлғалардың жартылай ғана жұмыспен қамтылуына баса назар аудару қажеттігі туындап отыр. Осы аталған себептер, сонымен қатар қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы қарама-қайшылықтардың өткірленуі, құқық қорғау органдары жүйесінің жиі реформалануы, заңнаманың жетілмеуі және жиі өзгерістерге ұшырауы, құқық қолдану тәжірибесіндегі орын алған кемшіліктермен байланысты қылмыстылықтың сандық өсуі мен сапалық өзгеруі, әлеуметтік құбылыс ретінде компьютерлік қылмыстылықтың даму үдерісін тездетуге әсерін тигізеді.

Компьютерлік қылмыстардың нақты түсінігінің, бұл құбылыстың мәнінің біржақты болмауы, құқық қорғау органдарының онымен күресуге деген бірыңғай тұжырымдамасын нақтылауға кедергі келтіреді. Біздің ойымызша, қылмыстылықтың осы жаңа түрін табу және бақылау міндеттерін шешумен байланысты құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің дайындығы жеткіліксіз болып табылады. Сондықтан да, магистратура білім беру деңгейінде арнайы «Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету» мамандандырылуларын ашу қажеттілігі туындап отыр.

Осы уақытқа дейін компьютерлік қылмыс тек қана шетелдік капиталистік елдерге тән құбылыс деп саналды, сондай-ақ біздің қоғамның компьютерлендірілу деңгейінің нашарлығы, ақпараттық технологияларды қоғамдық және өндірістік қатынастарға енгізудің жеткіліксіздігі салдарынан бұл қылмыстың түрі көп кездескен емес. Компьютерлік қылмыстардың біздің елде пайда болуы, бұл құбылыстың өз қызметін жаппай компьютерлендіру кезеңіндегі ғылыми

үдерістің салдарынан барлық мемлекеттерге тән деген қорытындыға алып келеді. Біздің ойымызша, бұл жағдайлар аталған мәселені ғылыми жағынан толықтай зерттеудің жоқтығына әкеліп соқтырды. Тек соңғы жылдарда ғана бұл құбылыстың негізгі қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері қарастырылып, компьютерлік қылмыстармен күрес проблемалары бойынша жұмыстар пайда болды.

Отандық және шетелдік компьютерлік қылмыстарға арналған арнайы әдебиеттерді, баспасөз материалдарын талдаудың нәтижесінде компьютерлік қылмыстылықпен күрестің үш негізгі: 1) құқықтық; 2) ұйымдастырушылық-техникалық; 3) криминалистік бағыттарын бөліп көрсетуімізге болады.

Компьютерлік қылмыстылықтан сақтандырудың құқықтық шараларына көрсетілген қылмыс түрлері үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін заңнама нормалары жатады.

Ақпараттық, сандық технологиялардың дамуы электронды құралдарды қолданудың криминогенді мүмкіндіктерін ұлғайтты. Сол себепті де, компьютерлік қылмыстармен күрестің қылмыстық-құқықтық құралдарын қайта қарау және ақпараттық қауіпсіздікті тиісті қылмыстық-құқықтық қорғауды қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты, қылмыстық заңда компьютерлік ақпаратқа санкцияланбаған кіру, оны заңсыз алу, зиянды бағдарламаларды дайындау, пайдалану

немесе тарату және ақпараттық қауіпсіздікке қол сұғатын басқа да компьютерлік қылмыстардың түрлері үшін жауаптылықты көздейтін қылмыс және қылмыстық қылық құрамдарын қарастыратын дербес тарау қажеттілігі туындағандықтан, ҚР қылмыстық кодексінде «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» атты 7 тарау енгізілген.

Дегенмен де бәрімізге мәлім, тек құқықтық шаралар көмегімен оң нәтижеге жету мүмкін емес. Сол себепті де, компьютерлік техника құралдарын құқыққа қайшы қол сұғушылықтан қорғау үшін ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы шараларды қолдану қажеттігі туындайды. Компьютерлік қылмыстардан сақтандырудағы ұйымдастырушылық-техникалық шаралардың қолданылу әдісіне байланысты үш негізгі топты бөліп қарастыруымызға болады:

- ұйымдастырушылық;
- техникалық;
- кешенді.

Осы шараларды жүзеге асыру барысында компьютерлік қауіпсіздік талаптарына басқару процедураларының сәйкестігі, компьютер залдары мен компьютер жабдықтарының техникалық қорғалу мәселелері, мәліметтерді өңдеу стандарттары және компьютерлік қауіпсіздік стандарттары өңделіп, компьютерлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы кадрлық саясатты дұрыс жүзеге асыру ескерілуі қажет.

Әдебиеттер

1 «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 11 қаңтар, 2007 ж. № 217-III (29.12.2014 ж. өзгерістер мен толықтыруларды қоса) // <http://online.zakon.kz/>

References

1 «Aқparattandyru turaly» Kazakstan Respublikasynyn Zany, 11 kantar, 2007 zh. № 217-III (29.12.2014 zh. ozgerster men tolyktyrulardy kosa) // <http://online.zakon.kz/>